

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

10. Holston, D.M. and C.E. O’Neil. 2008. Students’ evaluation of a communication-intensive, service-learning project in a dietetics course. NACTA Journal 52(3).
11. ITU, How Many Children and Young People Have Internet Access at Home?, 2021. https://www.itu.int/en/ITU-D/Statistics/Documents/publications/UNICEF/How-many-children-and-young-people-haveinternet-access-at-home-2020_v2final.pdf
12. Jermaine S., CLIL approaches in education: Opportunities, challenges, or threats, McdougaldUniversidad de La Sabana <https://www.researchgate.net/publication/312066481> CLIL approaches in education Opportunities challenges or threats
13. Johnson and Newport, Critical period effects in second language learning: The influence of maturational state on the acquisition of English as a second language, 1989, <https://www.semanticscholar.org/paper/Critical-period-effects-in-second-language-The-of-a-Johnson-Newport/be5a30c950daa063b437f76551d8556f91605478>
14. Thomas & Collier, School Effectiveness for Language Minority Students, 1997, <https://www.semanticscholar.org/paper/School-Effectiveness-for-Language-Minority-Students-Thomas-Collier/f604d5312763af5f64cefaf0086647d7f5c4b54a>

ОӘЖ 378.98

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ SOFT SKILLS ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ

Санатбай Перизат Айбекқызы

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының 1-курс PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Қ.Қ. Шалғынбаева, п.ғ.д., профессор

Қазіргі таңда технологиялардың дамуы, цифрландыру, кәсіби қызметте стандартты емес міндеттер санының артуы сияқты көптеген факторлар еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыруына және мамандарға жаңа талаптардың қойылуына әсер етеді. «Адам-адам» жүйесінде жұмыс істейтін кез-келген маман әлеуметтік қатынастарға қосылады және оның даярлығы неғұрлым сапалы болса, оның кәсіби қызметі соғұрлым сәтті болады. Жоғары білім беру жүйесінің экономикамен, ғылыммен, мәдениетпен тығыз байланыста болуы әлеуметтік өзгерістер үдерісіне айтарлықтай септігін тигізеді. Осы тұрғыда, әлеуметтік белсенді өмірдің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыратын құзыреттіліктерді, дағдыларды қалыптастыру, өзгермелі қоғам жағдайында soft skills дағдыларының өзектілігі және маңыздылығы артады.

Бүгінгі таңда ғылыми және сараптамалық қоғамдастықта soft skills ұғымын анықтауға бірыңғай көзқарас пен қызметкерлерге ең алдымен қандай soft skills дағдылары қажет екендігі туралы пікірлердегі консенсус дамымағандығымен мәселе күрделене түсетіні анық. Біздің пайымдауымызша, soft skills ұғымына қатысты мұндай мәселелердің пайда болуы жоғары оқу орындарында осы дағдыларды дамытуға арналған бағдарламаларының және осы бағыт бойынша студенттерді кешенді даярлықтың болмауынан туындайды. Әрине, білім беру бағдарламаларында soft skills дағдыларды дамытуға арналған жеке элементтер кездеседі, бірақ бұл мәселе кешенді тәсілді қажет етеді. Осыдан келе, бүгінгі таңда soft skills дағдыларын дамыту – бұл қазіргі заманғы жоғары оқу орындарының тренді және болашағы екенін жоққа шығаруға болмайды.

Soft skills дағдыларының мәні мен өзектілігін түсінбейтін және оқу процесіне енгізбейтін оқу орындары стратегиялық перспективада білім беру нарығында бәсекеге түсе алмайды.

Сондықтан soft skills дағдыларды дамытатын пәндер тиісті білім беру бағдарламалары бойынша оқу жоспарларына енгізіліп қана қоймай, білім беру мекемесінің өсу нүктесі ретінде жоғары оқу орындарының даму стратегиясына енгізілуі керек.

Қоғамдағы тәжірибеге сүйенетін болсақ, бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының студенттері мен түлектеріне тек білім алу жеткіліксіз. Еңбек нарығының толыққанды қатысушысы болу және мансап құру үшін қарқынды өзгеретін кәсіби жағдайларда тез бейімделуге мүмкіндік беретін дамыған soft skills дағдылары қажет, сонымен қатар бұл дағдылар жоғары оқу орнында оқудың тиімділігін арттыру үшін де маңызды. Психологтардың пікірінше, soft skills дағдыларды дамытудың ең икемді кезеңі жасөспірімдік және студенттік шаққа сай келеді. Яғни болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде soft skills дағдыларын белсенді дамыту қажеттілігінің бірден бір дәлелі.

Soft skills дағдыларды дамыту мәселесімен әр уақытта көптеген ғалымдар айналысқан, олар soft skills ұғымын әр түрлі қырлардан қарастыруы олардың әрқайсысының қабылдау ерекшеліктері мен ғылыми қызығушылықтарына байланысты. Ұғымға берілген барлық анықтамалар ішінара өзара байланысты және өзара тәуелді, ал кейбіреулері бір-бірімен тығыз байланысты.

«Soft Skills» тұжырымдамасы батыстың педагогикалық ғылымында 2000 жылдардан бастап белсенді түрде дамып келеді. Соңғы он жылдықта батыс елдерінде әртүрлі білім беру деңгейлеріндегі білім беру стандарттарына, оқу жоспарларына «soft skills» енгізу жөнінде әртүрлі халықаралық және мемлекеттік бағдарламалар жасалануда.

Отандық ғылымда «soft skills» ұғымына бірегей тұғырдың негізінде берілген анықтама жоқ. Дегенменде soft skills ұғымын кәсіби құзыреттіліктерді тиімді жүзеге асыру үшін қажетті еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби дағдылардың, тұлғаның сапалары мен атрибуттарының жиынтығы ретінде қарастырылады. Болашақ әлеуметтік педагогтарда бұл дағдылардың дамуы мәселесі жеткілікті түрде зерттелмеген. С.Н. Бацунов пікірінше, педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде soft skills дамыту үшін арнайы шарттар құрып, олар тұлғалық қасиеттер мен сапалардың түрлендіруіне сеп-түрткі туғызып, ал soft Skills дағдылары өз кезегінде педагогикалық қызметте кәсіби жетістіктің деңгейін көтеру үшін қажетті фактор.

Е.В. Набиева, В.И. Байденко, Э.Ф. Зеер, Ю.Г. Татур, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, Дж.Равен және т.б. құзыреттілік тұғырдың негізгі қағидаларын қарастырған. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ж.Ж. Турсынова, Б.Т. Кенжебеков, К.С. Құдайбергенова және т.б. зерттеді.

Soft skills дағдыларын білім алушыларда қалыптастыру және оларды зерттеу мен дамыту мәселелерін зерттеуге Д.С. Ермаков, Ж.А. Амантай, Ж.И. Сардарова және т.б. отандық ғалымдар өз үлестерін қосты.

Л.Л. Отарбаева, М.Т. Адилханова soft skills педагогикалық қызмет аспектісі тарапынан зерттеп, Ақтөбе облысының бастамашыл педагогтарының қатысуымен «Заманауи мұғалімнің тәжірибесіне Soft Skills технологияларын ендіру» тақырыбында 2021 жылдан бастап тәжірибелік-эксперименталды алаң ұйымдастырды [1].

Кейбір авторлар (Ю.М. Давлетшина, А.И. Ивонина, О.Л. Чулпанова, Х.А. Шайхутдинова, Дж. Эндрю, М.Ш. Хамзан, Х.Хигсон, А.Джаффар, М.Набисшах, Ч.Тан, С.Тонг, М.С. Веласко және т.б.) soft skills дағдыларын жоғары білім беру жүйесінде және кәсіби даярлау үдерісінде қалыптасу ерекшеліктерін зерттей келе, болашақ маманға қажетті және оның кәсіби жетістігін қамтамасыз ететін фактор ретінде анықтады. Сонымен, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдай келе soft skills келесідей құрылымға ие: басқа адамдармен тіл табыса алу дағдысы, өзара әрекеттесуді қалпына келтіру және қолдау көрсету қабілеті, әлеуметтік дағдылар, коммуникативті және басқарушылық қабілеттері, эмоционалды және әлеуметтік интеллект, басқа адамдардың алдына мақсат қоя білу және жетіске жетуге мотивацияландыру

қабілеті, өзгермелі жағдайларға бейімделудің жоғары деңгейі, өздігінен білім алу, өзін көрсете білу қабілеті, өзгелердің ерекшеліктеріне және қызығушылықтарына толеранттылық байқата білу қабілеті, эмоционалды және интеллектуалды жүктемеге даярлық, креативтілік, икемділік, альтернативті шешімдерді іздеу және т.б.

Бұл ретте әлеуметтік-педагогикалық қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ мамандарды кәсіби қалыптастыруда soft skills дағдыларының маңыздылығын атап өткен жөн. Әлеуметтік педагог мамандығының барлық кәсіби құрамдас бөліктерін және оған қойылатын белгілі талаптарды ескере отырып, біз soft skills дағдылары оның кәсіби педагогикалық қызметінің жетістігін қамтамасыз ететін фактор ретінде қарастырамыз. Осы позиция тұрғысынан soft skills ұғымын дағдылар тарапынан ғана қарастырмай, оны маңызды сапалар аспектісінен қарастырған жөн.

О.Абашкина бойынша soft skills бұл ең жақсы маманның жоғары нәтижеге қол жеткізе алуын қамтамасыз ететін адами қасиеттер [2]. О.В. Барина soft skills дағдыларды құзыреттілік тәсіл шеңберінде дамытуды қарастырып, студенттерде қалыптасатын құзыреттерге назарды акценттеуді басшылыққа алады. Бұл құзыреттіліктер тапсырыс берушінің (жұмыс берушінің) жоғары оқу орнымен қарым-қатынасының қосымша (көмекші) тілі ретінде ол тапсырыс беруші (жұмыс беруші) құзыреттіліктер арқылы сипатталған қасиеттері бар мамандарды даярлауды басшылыққа алады және де бұл қасиеттер ретінде белгілі бір soft skills дағдыларының жиынтығы [3].

Е.Гайдученко, А.Марушев анықтамасы бойынша soft skills дағдылары – бұл басқа адамдармен ортақ тіл табуға, олармен байланыс орнатуға және сақтауға, өз ойларын жеткізе білуге мүмкіндік беретін дағдылар. Басқаша айтқанда, soft skills дағдылары күнделікті өмірде де, кәсіби қызметте де қажет тиімді коммуникаторлар мен көшбасшылардың дағдылары [4].

В.Давидованың пікірінше, soft skills дағдылары – бұл қосымша білім мен жеке өмірлік тәжірибе арқылы алынған және кәсіби қызметте өз дамуы үшін қолданылатын дағдылар [5]. Н.В. Жадко, М.А. Чуркина soft skills дағдыларын кәсіби тұлғааралық қатынастар жазықтығында дамытуды қарастырады, бұл кәсіпорынның жұмыс және ұйымдастырушылық контекстіне енгізуді, корпоративті мүдделерді түсінуді және ұсынуды, кәсіби міндеттерді қоюды және шешуді қамтиды [6].

И.Канардов soft skills дағдыларының психологиялық компонентін зерттеп, сендіру, адамдарға көзқарас табу, көшбасшылық, тұлғааралық қарым-қатынас, келіссөздер жүргізу, топтық жұмыс, жеке даму, уақытты басқару, эрудиция, шығармашылық және т.б. әлеуметтік дағдылардың қатарына жатқызады [7]. Ұғымның мазмұнындағы ұқсастықтарды Ю.Портландтың зерттеулерінде көруге болады, ол soft skills дағдыларын адамдардың әртүрлі жас санаттарымен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар ретінде анықтайды [8].

Басқаша айтқанда, бұл таланттар арқылы ол белгілі бір кәсіптерге тән қасиеттер мен дағдыларды емес, жалпыадамзаттық деп анықтауға болатын дағдыларды түсінеді. Д.Татаурщикова soft skills дағдылары деп, жеке дамуды басқару, алғашқы медициналық көмек көрсету, уақытты сауатты басқару, сендіру, келіссөздер жүргізу, көшбасшылық және т.б. дағдыларына сілтеме жасай отырып, жұмыс тиімділігі мен қоршаған адамдармен қарым-қатынасты жақсартуға ықпал ететін бірыңғай дағдылар мен жеке қасиеттерді түсінеді [9].

Отандық жоғары оқу орындарында soft skills дағдыларын түсіну, қабылдау және дамыту және soft skills дағдыларын оқу жоспарлары мен бағдарламаларына енгізу ауқымын анықтау мақсатында сауалнамаларға қатысу ерікті және жасырын болды. Сауалнама жүргізер алдында респонденттерге жүргізілетін зерттеудің мақсаттары түсіндірілді, авторлар ұсынған жіктемеге сүйене отырып, soft skills туралы идеялар өзектендірілді. Зерттеуге Оңтүстік Қазақстан

мемлекеттік педагогикалық университетінің «Әлеуметтік педагогтарды даярлау» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттері қатысты.

Авторлар үш бөлімнен тұратын екі сауалнама әзірледі Бірінші бөлім «soft skills» ұғымының мазмұнына қатысты ашық сұрақтарды қамтыды. Екінші бөлімде «soft skills» дағдыларын неғұрлым тиімді қалыптастыратын және дамытатын «Әлеуметтік педагогтарды даярлау» білім беру бағдарламасындағы пәндердің ішінен таңдау жүргізілді. Үшінші бөлімде «Әлеуметтік педагогтарды даярлау» білім беру бағдарламасын бойынша ұсынылған дәстүрлі, белсенді пәндерді оқытуда қолданылатын инновациялық оқыту әдістері ішінен soft skills дағдыларының дамуына ықпал ететінің таңдау.

Зерттеу сауалнамасы респонденттермен алдын ала әңгімелесуден кейін жүргізілді, оның барысында авторлар қатысуға келісім алып, жүргізілетін зерттеудің мақсаттары мен әдістері туралы түсініктеме берді. Келісім алғаннан кейін сауалнама Google нысандары мен электрондық пошта арқылы жүргізілді.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Әлеуметтік педагогтарды даярлау» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттерінде soft skills дағдыларын қабылдауды нақытлау барысында келесі нәтижелер алынды:

- 40% респондент soft skills дағдылары туралы естіген немесе идеясы бар;
- 5%, респонденттердің аз бөлігі зерттелетін soft skills дағдылары құбылысының басқа атаулармен таныс болды (адам дағдылары, ХХІ ғасыр дағдылары, жұмыс дағдылары және т. б.);
- 45% soft skills дағдылары бар екенін және бұл дағдылар туралы басқа түсінік қалыптасқан.

Респонденттердің «soft skills» ұғымына берілген анықтамалар бойынша нәтижелерді жіктедік:

1) жеке дағдылар топтары немесе жеке дағдылар немесе жеке атрибуттар:

- іскерлік қарым-қатынас дағдылары – 25%;
- әлеуметтік маңызды дағдылар – 10%;
- когнитивті және әлеуметтік дағдылар – 10%;
- өзін-өзі дамыту қабілеті – 10%;
- мақсат – 8%;
- тұлғалық дағдылар, туа біткен дағдылар, қасиеттер – 7%;
- кәсіби емес дағдылар – 2%;
- бейімделу – 2%;
- адамдарға жақсы әсер ету қабілеті – 2%;
- сыни тұрғыдан ойлау – 2%;
- тыңдау қабілеті - 0%.

2) мансаптық жетістікке немесе алғашқы жұмысқа орналасуға байланысты дағдылар:

- табысты мансапқа немесе кәсіби қызметке ықпал ететін дағдылар; кәсіби қызмет үшін маңызды дағдылар; кәсіби дағдыларды толықтыратын дағдылар – 22%.

3) таксономияның әртүрлі базистік негіздері:

- құзыреттер; мета-құзыреттер; кәсіби дағдылар негізінде түсіндірілетін дағдылар; біліммен байланысты емес дағдылар; белсенді өмірлік ұстаным-ұқсас таксономиясы бар үш жауаптан аспайды – 35%;

4) маңызды емес болып көрінетін әртүрлі дағдылар.

- мұндай анықтамаларды 4% студенттер берді.

Студенттердің «soft skills» ұғымы туралы хабардар болу көрсеткіштері жоғары білім берудің студенттердегі soft skills дағдыларының дамуына жүйелі бағдарлануының жоқтығын растайды. «Soft skills» туралы түсінігі жоқ студенттердің салыстырмалы түрде үлкен үлесі (шамамен 40,0%) ерекше алаңдаушылық тудырады.

Басқа елдердің, атап айтқанда дамушы елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінің мемлекеттік саясаты мен реформалары ғана soft skills дағдыларын студенттерінің дамуы үшін қажетті компоненттердің пәндерін оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына ауқымды енгізуге әкелуі мүмкін.

Академиялық пәндердің soft skills дағдыларының дамуына қосқан үлесі. Сауалнаманың екінші бөлімінде студенттерге академиялық пәндердің немесе пәндер топтарының тізімдері ұсынылды, оларды soft skills дағдыларын дамыту үшін олардың тиімділігі тұрғысынан бағалау қажет болды. Қатысушыларға тиімді пәндерді таңдау ұсынылды (жауаптар санына шектеусіз). Студенттердің жауаптарында soft skills дағдыларын шет тілдері, менеджмент және жалпы әлеуметтік-гуманитарлық пәндер дамытуда ең тиімді деп санайтынын көрсетті. Сонымен қатар оқытумен байланысты коммуникациялар және әлеуметтану тиімді деп көрсетті.

Оқыту әдістерінің soft skills дағдыларының дамуына әсері. Сауалнаманың үшінші бөлімінде оқытудың танымал әдістерінің тізімі ұсынылды. Сонымен қатар, сауалнаманың осы бөлігінде soft skills дағдылары үшін академиялық пәндердің мазмұны ма, әлде оқыту әдістері басымдыққа ие ме? деген сұраққа жауап алынды. Дәстүрлі әдістер ең аз дауыс жинады: бұл ретте дәрістерді студенттер (4,8%) ең аз тиімді деп бағалады. Ең тиімді әдістер бірауыздан кейс-стади, топтық жобалар және имитациялар деп танылды. Мультимедиялық жобалар салыстырмалы түрде жоғары баға алды. Студенттер сонымен қатар дағдыларды дамытуда интернет-технологияларды бөліп көрсетті, бұл жас ұрпақтың цифрлық ортадағы тәжірибесінің тереңірек енуі мен әртүрлілігін көрсетеді.

Студенттердің 70% оқыту әдістері оқу мазмұнынан гөрі soft skills дағдыларының дамуына әсер етеді деп санайды. Сауалнама нәтижелері басқа зерттеушілер жасаған тұжырымдарға қайшы келмейді. Мәселен, Л.Никитина және Ф.Фуруоканың зерттеулеріне сәйкес Малайзия университеттеріндегі студенттер soft skills дағдыларды дамыту оқыту әдістеріне көбірек тәуелді деп санайды, ал студенттер өздерінің қоғамдық және кәсіби қызметтерін ең тиімді құрал деп санайды. Пәндердің мазмұны, пәндердің өздері сияқты, кәсіби емес дағдыларды дамытуға аз ықпал етеді.

Қортындылай келе, кәсіби құзыреттерді тиімді жүзеге асыру үшін еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби емес дағдылардың, қасиеттердің және жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде soft skills дағдыларды анықтау ең әмбебап деп санауға болады. Контент-талдау негізінде мақала авторлары ең көп таралған таксономияны анықтады, оған сәйкес soft skills дағдылар мыналарды қамтиды: 1) әлеуметтік-коммуникативтік дағдылар; 2) когнитивті дағдылар; 3) тұлғаның атрибуттары және эмоционалды интеллект компоненттері.

Зерттеу сонымен қатар келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының түлектеріне еңбек нарығының талаптарының негізі ретінде «soft skills» тұжырымдамасына назар аудармайды. Студенттердің көпшілігінде зерттелетін құбылыс туралы түсінік жоқ. Екіншіден, soft skills дағдыларды қалыптастыру үшін ең тиімді пәндер академиялық қоғамдастықтың бір бөлігі әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді қарастырады. Үшіншіден, студенттердің пікірінше, оқытудың дәстүрлі әдістері (дәрістер, семинарлар) дағдыларды дамытуда онша тиімді емес, ал оқытудың белсенді және инновациялық әдістері (кейстер, имитациялар мен жобалар) зерттеуде soft skills дағдыларын тиімді дамитын оңтайлы формалар ретінде атап өтілген. Төртіншіден, жүргізілген зерттеуде студенттер оқыту мазмұнымен салыстыра отырып, soft skills дағдыларын дамытудың неғұрлым тиімді құралы ретінде оқыту әдістеріне басымдық берді. Осылайша, зерттеу қазіргі уақытта білім экономикасы жағдайында еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды дамытуға бағытталған оқытуға бағытталған реформалардың алдында тұрғанын растады. Мұндай кешігу отандық нарықтық экономиканың объективті дамуынан, қоғам мен экономиканың барлық салаларына ақпараттық

технологиялардың баяу енгізілуінен және еңбек нарығының құрылымдық қайта құрылуынан туындайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Отарбаева Л.Л., Адилханова М.Т. Заманауи мұғалімнің тәжірибесіне Soft Skills технологияларын ендіру. – Ақтөбе, 2021. – 109 б.
2. Абашкина О. Softskills: ключ к карьере.[Электронды ресурс]URL: <http://www.pro-personal.ru/article/7811-soft-skills-klyuch-k-karere>(қаралған күні: 20.10.2022).
3. Баринаова О. В. Понятие и сущность компетенции.[Электронды ресурс] URL: <http://novainfo.ru/article/1935>(қаралған күні: 20.10.2022).
4. Гайдученко Е., Марушев А. Эмоциональный интеллект.[Электронды ресурс] URL: <https://1-a-b-a.com/lecture/show/99>(қаралған күні: 10.10.2022).
5. Давидова В. Слушать, говорить и договариваться: что такое soft skills и как их развивать.[Электронды ресурс] URL: <http://theoryandpractice.ru/posts/11719-soft-skills>(қаралған күні: 10.10.2022).
6. Жадько Н. В., Чуркина М. А. Обучение hard skills и soft skills – в чем разница? [Электронды ресурс] URL: <http://hr-portal.ru/article/obuchenie-hardskills-i-soft-skills-v-chyom-raznica>(қаралған күні: 10.10.2022).
7. Канардов И. Softskills и Hardskills – в чем разница? [Электронды ресурс]URL: <http://www.znai.su/statya/soft-skills-i-nard-skills-%E2%80%93-vchem-raznica>(қаралған күні: 10.10.2022).
8. Портланд Ю. Что такое soft skills и почему они так важны для карьеры? [Электронды ресурс] URL: <http://dnevnykuspeha.com/rabota-ikarera/chto-takoe-soft-skills-i-pochemu-oni-tak-vazhnyi-dlya-kareryi.html>(қаралған күні: 10.10.2022).
9. Татаурщикова Д. Softskills.[Электронды ресурс] URL: <https://4brain.ru/blog/soft-skills>(қаралған күні: 15.11.2022).

УДК 811.111 – 26

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В ВУЗЕ

Санакова Гулмира Халыкбаевна

¹Кандидат педагогический наук, ассоциированный профессор, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Мухтарханова Айнагуль Мадиевна

gul_zholdasova@mail.ru

²Магистрант кафедры «Радиотехника, электроника и телекоммуникация» ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Изучение английского языка является важной частью всестороннего образования, особенно в университетской среде, где студенты часто готовятся к выходу на международную рабочую силу. В то время как традиционное языковое обучение может быть эффективным, инновационные технологии обладают потенциалом революционизировать способы преподавания и изучения иностранных языков. В этой статье рассматриваются преимущества, проблемы и стратегии внедрения инновационных технологий в преподавании иностранных языков в университетах.